

**«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өзгерістер мен толықтырулар енгізуі жөнінде
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ТАБЛИЦА

по внесению Сенатом Парламента Республики Казахстан изменений и дополнений в проект Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения»

| Рет№ № п/п | Норма тивтік құқық тық актінің құры лымы Структура нормативн ого правового акта | Мәжіліс мақұлдаған кодекс жобасы баптарының редакциясы Редакция статей проекта кодекса, одобренного Мажилисом | Ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар Предлагаемые изменения и дополнения | Негіздеме Обоснование |
|----------------------|--|--|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Жобаның 12-бабы 1-тармағы 7) тармақша | 7) өз елді мекендерінде халық санына шаққандағы есеппен медицина қызметкерлерінің болуын қамтамасыз етеді және оларды бөлуді жүзеге асырады; | Мынадай редакцияда жазылсын: «7) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халық санына шаққандағы есеппен мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындайды;». | «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 1-бабы 11) тармақшасына сәйкес мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуына бақылау жасайды. |

| | | | | |
|----|--|--|--|--|
| | Статья 12 пункт 1 подпункт 7) проекта | 7) обеспечивают наличие и осуществляют распределение медицинских работников в расчете на численность населения в своих населенных пунктах; | Изложить в следующей редакции: «7) определяют меры по кадровому обеспечению государственных организаций здравоохранения в расчете на численность населения в соответствующих административно-территориальных единицах; ». | В соответствии с п.п. 11) ст. 1 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в РК», маслихаты выражают волю населения соответствующих административно-территориальных единиц и с учетом общегосударственных интересов определяют меры , необходимые для ее реализации, контролируют их осуществление. |
| 2. | Жобаның 46-бабы 2-тармағы жаңа екінші бөлігі Статья 46 пункт 2 новая часть вторая проекта | Жок. Отсутствует. | Мынадай мазмұндағы жаңа екінші бөлікпен толықтырылсын: « Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама мемлекеттік материалдық резервте сақтауда болатын, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен тамақ өнімдерін кәдеге жаратуды өткізу мүмкіндігін анықтау үшін жүргізіледі. ». Дополнить новой частью второй следующего содержания: « Санитарно-эпидемиологическая экспертиза проводится для определения возможности проведения утилизации пищевой продукции с истекшим сроком годности, находящейся на хранении в государственном материальном резерве. ». | Кодекс жобасын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында. В целях согласования проекта Кодекса с Законом Республики Казахстан от 25 мая 2020 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам мобилизационной подготовки и мобилизации». |

| | | | | |
|----|---|--|---|--|
| 3. | <p>Жобаның 77-бабы 1-тармағы 18) тармақшасы</p> <p>Статья 77 пункт 1 подпункт 18) проекта</p> | <p>18) емделуге және басқа да медициналық араласуларды жүргізуге хабардар етілген келісім беруге немесе олардан бас тартуға;</p> <p>18) дачу информированного согласия или отказа на лечение и проведение других медицинских вмешательств;</p> | <p>18) тармақша «араласуларды» деген сөзден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын:</p> <p>«, соның ішінде профилактикалық екпелерді» деген сөздермен толықтырылсын.</p> <p>Подпункт 18) дополнить словами «, в том числе профилактических прививок».</p> | <p>Редакциясын нақтылау мақсатында</p> <p>В целях уточнения редакции.</p> |
| 4. | <p>Жобаның 77-бабы 1-тармағы 23) тармақшасы</p> <p>Статья 77 пункт 1 подпункт 23) проекта</p> | <p>23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары бар.</p> <p>23) иные права в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«23) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтары бар.».</p> <p>Изложить в следующей редакции:</p> <p>«23) иные права в соответствии с законами Республики Казахстан.».</p> | <p>Редакциясын нақтылау.</p> <p>Уточнение редакции.</p> |
| 5. | <p>Жобаның 78-бабы 1-тармағы 9) тармақшасы</p> | <p>9) қаламаған жүктілікті және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың таралуын болғызбау мақсатында ұрпақты болу денсаулығын қорғау туралы ақпаратты қолжетімді нысанда алуға;</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«9) репродуктивтік денсаулығын қорғау туралы ақпаратты қолжетімді нысанда алуға;».</p> | <p>Редакциясын нақтылау мақсатында, өйткені репродуктивті денсаулық – дені сау ұрпақты болуға деген оның қабілетін көрсететін адамның денсаулығы (Кодекс жобасының 1-бабы 1-тармағының 269) тармақшасы)</p> |

| | | | | |
|----|---|---|--|--|
| | Статья 78 пункт 1 подпункт 9) проекта | 9) получение в доступной форме информации об охране репродуктивного здоровья в целях предотвращения нежелательной беременности и распространения инфекций, передающихся половым путем; | Изложить в следующей редакции: « 9) получение в доступной форме информации об охране репродуктивного здоровья; ». | В целях уточнения редакции, поскольку репродуктивное здоровье – это здоровье человека, отражающее его способность к воспроизводству полноценного потомства (п.п.269) п.1 ст.1 проекта Кодекса). |
| 6. | Жобаның 104-бабы жаңа 6 және 7-тармақтары | Жоқ. | Мынадай мазмұндағы жаңа 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын: « 6. Шектеу іс-шаралары, соның ішінде карантин уәкілетті орган белгілейтін Қазақстан Республикасының аумағына шетелден инфекциялық ауруларды әкелу және (немесе) инфекциялық аурулар жағдайларының пайда болу тәуекелдерін айқындаудың өлшемшарттарына сәйкес аумақтық ерекшеліктерге, жұқпалылыққа, таралу жолдарына, өлім деңгейіне және инфекциялық аурулардың таралуының басқа да эпидемиялық маңызды факторларына қарай енгізіледі. 7. Шектеу іс-шаралары, соның ішінде карантин мыналарды: 1) Қазақстан Республикасының аумағына шетелден кіруді (Қазақстан Республикасының аумағынан шығуды) және жекелеген өңірлерде (облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада) көлік құралдарының (әуе, теміржол, автомобиль көлігінің) қозғалысын шектеуді; | Бас мемлекеттік санитар дәрігер енгізуі мүмкін шектеу іс-шараларының шарттары мен шектерін анықтау. |

| | | | | |
|--|--|--|---|--|
| | | | <p>2) кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызмет объектілерінің қызметін шектеуді;</p> <p>3) бейбіт жиналыстарды, ойын-сауық, спорттық, діни және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ бала тууға, үйлену тойына, қазаға байланысты отбасылық рәсімдерді ұйымдастыруға және өткізуге шектеуді;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдаланылуы мен қолданылуына арналған өнімдерді өндіруге, әкелуге, әкетуге, қолдануға және өткізуге шектеуді;</p> <p>5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде жанаспайтын термометрияны, зертханалық қарап-тексеру жүргізуді және қажет болған жағдайда инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз елдерден келген адамдарды оқшаулауды жүргізуді;</p> <p>6) инфекциялық аурулармен ауыратындарды зертханалық қаралып-тексерілуге, оқшаулануға және ауруханаға жатуға (немесе үйде оқшаулануға), медициналық байқауға алынуға, емделуге жіберуді;</p> <p>7) инфекциялық ауруларды таратудың ықтимал көзі болып табылатын адамдарды, инфекциялық аурулармен ауыратындармен байланыста болған адамдарды, сондай-</p> | |
|--|--|--|---|--|

| | | | | |
|--|--|---------------------|---|--|
| | <p>Статья 104 новые пункты 6 и 7 проекта</p> | <p>Отсутствует.</p> | <p>ақ инфекциялық ауруға күдікті адамдарды зертханалық және медициналық қаралып-тексерілуге және оқшаулануға жіберуді; 8) инфекциялық аурулардың жеке және ұжымдық профилактикасы шараларын қолдануды; 9) үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация өткізуді қамтиды.».</p> <p>Дополнить новыми пунктами 6 и 7 следующего содержания: «6. Ограничительные мероприятия, в том числе карантин, вводятся в зависимости от территориальных особенностей, контагиозности, путей передачи, летальности и других эпидемически значимых факторов распространения инфекционных заболеваний в соответствии с критериями определения рисков завоза инфекционных заболеваний из-за рубежа на территорию Республики Казахстан и (или) возникновения случаев инфекционных заболеваний, устанавливаемыми уполномоченным органом. 7. Ограничительные мероприятия, в том числе карантин, включают: 1) ограничение въезда на территорию Республики Казахстан из-за рубежа</p> | <p>Определение условий и пределов ограничительных мероприятий, которые могут быть введены главным государственным санитарным врачом.</p> |
|--|--|---------------------|---|--|


| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | <p>(выезда из территории Республики Казахстан) и передвижения в отдельных регионах (областях, городах республиканского значения и столице) транспортными средствами (воздушным, железнодорожным, автомобильным);</p> <p>2) ограничение деятельности объектов предпринимательской и (или) иной деятельности;</p> <p>3) ограничение организации и проведения мирных собраний, зрелищных, спортивных, религиозных и других массовых мероприятий, а также семейных обрядов, связанных с рождением, свадьбой, смертью;</p> <p>4) ограничение производства, ввоза, вывоза, применения и реализации на территории Республики Казахстан продукции, предназначенной для использования и применения населением, а также в предпринимательской и (или) иной деятельности;</p> <p>5) проведение в пунктах пропуска на Государственной границе Республики Казахстан бесконтактной термометрии, лабораторного обследования и, в случае необходимости, изоляцию лиц, прибывающих из неблагополучных по инфекционным заболеваниям стран;</p> <p>6) направление на лабораторное обследование, изоляцию и госпитализацию (или изоляцию на дому), медицинское наблюдение, лечение</p> | |
|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|----|----------------------------|--|--|--|
| | | | <p>больных инфекционными заболеваниями;</p> <p>7) направление лиц, являющихся потенциальными источниками распространения инфекционных заболеваний, лиц, находившихся в контакте с инфекционными больными, а также лиц с подозрением на инфекционное заболевание на лабораторное и медицинское обследование и изоляцию;</p> <p>8) применение мер личной и коллективной профилактики инфекционных заболеваний;</p> <p>9) проведение профилактической и очаговой дезинфекции, дезинсекции и дератизации в помещениях и на транспортных средствах, территориях, в очагах инфекционных заболеваний.».</p> | |
| 7. | Жобаның 131-бабы 6-тармағы | <p>6. Қайтыс болу себебі және аурудың диагнозы туралы патологиялық-анатомиялық қорытындыны жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына немесе заңды өкілдеріне, ал олар болмаған кезде өзге де туыстарына, сондай-ақ осы Кодекстің 273-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда <i>талап етуі бойынша құқық қорғау органдарына</i> медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік орган береді.</p> | <p>«талап етуі бойынша құқық қорғау органдарына» деген сөздер «құқық қорғау органдарының және (немесе) соттың талап етуі бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын.</p> | <p>Кодекс жобасының 273-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді адамның келісімінсіз, көрсетілген органдардан басқа, тергеп-тексерудің немесе сот талқылауының жүргізілуіне байланысты соттың да сұрау салуы бойынша беруге жол беріледі деп көзделген.</p> |
| | Статья 131 пункт 6 | 6. Патологоанатомическое заключение о причине смерти и диагнозе заболевания | Слова «правоохранительным органам» | В подпункте 3) пункта 4 статьи 273 проекта Кодекса заменить словами |

| | | | | |
|----|---|---|--|---|
| | проекта | выдается супруге (супругу), близким родственникам или законным представителям, а при их отсутствии иным родственникам, а также по требованию <i>правоохранительным органам</i> в случаях, предусмотренных в подпункте 3) пункта 4 статьи 273 настоящего Кодекса, государственным органом в сфере оказания медицинских услуг (помощи). | «правоохранительных органов и (или) суда». | предусмотрено, что представление сведений, составляющих тайну медицинского работника, без согласия лица допускается по запросу, кроме указанных органов, также суда в связи с проведением расследования или судебного разбирательства. |
| 8. | Жобаның 143-бабы екінші бөлігі Статья 143 часть вторая проекта | Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бас бостандығы шектелген, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген, ұсталған, күзетпен қамауға алынған және арнаулы мекемелерге орналастырылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз өміріне қатер төндіретін жай-күйлер және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде, олардың уәкілетті орган айқындайтын тізбеге сәйкес және көлемдерде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар. Иностранцы и лица без гражданства, свобода которых ограничена, а также отбывающие наказание по приговору суда в местах лишения свободы, задержанные, заключенные под стражу и помещенные в специальные учреждения, имеют право на получение гарантированного объема | «өз өміріне қатер төндіретін жай-күйлер және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде, олардың» деген сөздер алып тасталсын. Слова «при состояниях, угрожающих их жизни, и заболеваниях, представляющих опасность для окружающих,» исключить. | Кодекс жобасының 83-бабы 2-тармағына сәйкес тегін медициналық көмектің осындай шектеулі көлемін алуға Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқығы бар. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей алуға құқығы бар. На такой ограниченный объем бесплатной медицинской помощи, согласно п.2 ст.83 проекта Кодекса, имеют право иностранцы и лица без гражданства, временно пребывающие в Республике |

| | | | |
|--|---|--|--|
| | <p>бесплатной медицинской помощи при состояниях, угрожающих их жизни, и заболеваниях, представляющих опасность для окружающих, в соответствии с перечнем и в объеме, определяемом уполномоченным органом, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан и международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.</p> | | <p>Казахстан. Иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, имеют право на получение гарантированного объема бесплатной медицинской помощи наравне с гражданами Республики Казахстан.</p> |
|--|---|--|--|

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым
комитетінің төрағасы



М. БАҚТИЯРҰЛЫ